«6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Кулабекова Гульшат Камарбековнаның «Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертация тақырыбы 1) диссертациялық зерттеу Қазақстан Республикасында жоғары білім беру мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында айқындалған басым бағыттармен, ESG стандарттарының қағидаттарымен және білім беру сапасын қамтамасыз ету саласындағы халықаралық талаптармен толық сәйкес келеді; 2)ел халқын қоғамда сұранысқа ие дағдылармен және рухани-адамгершілік құндылықтармен жеке тұлғаны дамытуға бағытталған біліммен қамтамасыз етуді басты мақсат етіп алған «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасымен»; 3)адами капиталды дамытудың қажетті шарты – жоғары сапалы білім мен қажетті дағдыларды меңгерту болып табылатын Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық дамуындағы «Жаңа адами капитал», «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы сияқты бағыттарына сәйкес келеді.

		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе ынсаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	1) Диссертация «6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша ізденушінің жеке бастамасымен және ғылыми кеңесшілері, кафедраның шешімімен орындалған. 2) Диссертация мәтінінде басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалғаны туралы ақпарат жоқ. 3) Зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына, соның ішінде «Елдің зияткерлік әлеуеті» бойынша «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Зерттеу жұмысы ғылымға елеулі үлес қосады және маңыздылығы айқындалған. Диссертацияда қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасы алғаш рет кешенді түрде зерттеліп, психологиялық-педагогикалық тұрғыда жан-жақты сипатталған. Зерттеуші қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері, болашақ педагогтарды қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің прогрессивті тәжірибелерін пайдалануға даярлау нәтижесі мен қазіргі студенттердің қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесі дәстүрлері негізіндегі тәрбие жұмысының педагогикалық даярлығының диагностикасы негізінде саралаған. «Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» элективті курсының мазмұны мен әдістемесін айқындап, оларды жүйелеп көрсеткен. Қазіргі студент жастардың, әсіресе ұл-ер балалардың халық педагогикасындағы тәрбиенің қоғамдағы өміршеңдігін сақтау үшін қажеттілігін анықтаған.

			Зерттеу жұмысының маңыздылығы қорытындыларының нақтылығымен, ғылыми пайымдауларының тиянақтылығымен айқындалады. Зерттеу барысында алынған нәтижелер педагогика және психология ғылымдарының қағидалары, қазақтың халық педагогикасының және болашақ мұғалімдердің этнопедагогикалық даярлығының тұжырымдамалары мен әдістеме ғылымдарының әрі қарай дамуына ғылыми теориялық және практикалық жағынан үлесін қоса алады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Диссертация мазмұнынан докторанттың өзі жазу деңгейінің жоғарылығы және өзіндік талдау стилі анық байқалады. Академиялық жазу қағидалары мен ғылыми стильдің талаптары диссертацияда толық сақталған.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) төмен;	
		4) өзі жазбаған.	
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Диссертацияда мазмұнның ішкі бірлік қағидасы жақсы сақталған. Тақырыптың өзектілігі негізделген. Соның нәтижесінде диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұтастығына қол жеткізген. Алынған нәтижелер өзара жүйелі байланыста сабақтастық қағидатын сақтаған. Ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің тоериясын жүргізудегі мәселелер қазақ педагогикасында, психологиясында алар орны, оны дамытудың алғышарттары және элективті курстың берер мазмұны тұрғысынан алғаш кешенді түрде қарастырылуы, зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелері жұмыстың өзектілігіне негіздеме бола алады.
		1) негізделген;	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Г.К. Кулабекованың «Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасы» тақырыбындағы диссертациясының мазмұны, әр тарауында қарастырылған мәселелер диссертация тақырыбын толық айқындайды. Бірінші тарауда қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің психологиялық-педагогикалық және әдіснамалық тұғырларының зерттелуін ғылыми тұрғыда саралап, ер бала тәрбиесіндегі әдіснамалық негіздерін анықтаған. Екінші тарауда қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің құрылымдық-мазмұндық моделін жасап, ерекшеліктерін
		1) айқындайды;	
		2) ішінара айқындайды;	
		3) айқындамайды.	

				анықтаған. Зерттеу нәтижесі бойынша автор ер бала тәрбиесінің мазмұны мен әдістерін ұсынады әрі халық педагогикасындағыұстанымдарды қазіргі бала тәрбиесіндегі қолданыслатын әдістердің деңгейін көтеру үшін өзіндік ұсыныстарын, талап тілектерін ұсынған. Үшінші тарауда студенттердің қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесі дәстүрлері негізіндегі тәрбие жұмысының педагогикалық даярлығының диагностикасын, тәжірибелік жұмыстардың нәтижелерін кешенді байланыста қарастырған. Диссертация мазмұны белгілі бір нәтиже қорытуға мүмкіндік береді.
			4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Диссертант қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасын саралауды және жүйе негізінде қалыптасқан тәрбие негіздерін, ер балалармен қалай мектепте, ЖОО студенттерімен жұмыс істеудің тетіктерін анықтауды мақсат еткен. Зерттеу барысында алдына қойған міндеттерді мақсатқа сәйкес толық орындаған. Атап айтқанда, қазақ халық педагогикасындағы тәрбие тәжірибесі дербес педагогикалық феномен ретінде қарастырылып, оның мазмұны, құралдары мен әдістері ұлттық дүниетаным, салт-дәстүр, әдет-ғұрып контексінде талданған. Зерттеуде тұлға тәрбиесі тек этнографиялық сипатта емес, заманауи психологиялық-педагогикалық теориялармен сабақтастықта қарастырылған. Бұл ұл баланың тұлғалық қалыптасуындағы құндылықтық, мінез-құлықтық және әлеуметтік аспектілерді кешенді түсіндіруге негіз болады. Диссертацияда жүйелілік, тұлғалық-бағдарлы, мәдениеттанымдық және іс-әрекеттік тұғырлар үйлесімді қолданылып, зерттеу нысанына кешенді ғылыми талдау жасалған. Ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, оның компоненттері (мақсат, мазмұн, әдіс, нәтиже) ғылыми тұрғыда негізделген. Бұл модель зерттеудің теориялық жаңалығын көрсетеді. Зерттеу нәтижелері эмпирикалық деректермен дәлелденген. Студенттердің педагогикалық даярлығы
			1) сәйкес келеді;	
			2) ішінара сәйкес келеді;	
			3) сәйкес келмейді.	

			диагностикаланып, тәжірибелік жұмыстар арқылы ұсынылған әдістеменің тиімділігі ғылыми-практикалық ұсынымдар арқылы жасалған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы бір-бірімен өзара толық байланысқан, ішкі бірлігі айқын, ғылыми талдаулар мен тұжырымдар логикалық тұрғыдан сабақтастықта берілген. Алынған нәтижелер автордың қорытындыларымен бірге диссертацияның мақсат-міндеттеріне сәйкес келеді.
		1) толық байланысқан;	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Диссертациялық зерттеуде автор ұсынған жаңа шешімдерде сыни талдау бар. Автор қазақ педагогика саласындағы ер бала тәрбиесіне қатысты ұсынған жаңа шешімдерін дәлелдеп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырып отырған. Осыған дейін мамандар тарапынан айтылған пікірлер мен тұжырымдар зерттеушінің сын тезінен өткен. Өзіндік тұжырымдар, тың пайым, сыни талдау бар.
		1) сыни талдау бар;	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа. Зерттеуде қазақ халық педагогикасындағы ұл тәрбиесі тарихи, психологиялық, педагогикалық және әдіснамалық тұрғыда жүйелі түрде алғаш рет кешенді талданған деп бағалауға болады. Көптеген еңбектерде бұл мәселе фрагментарлы қарастырылатыны белгілі. Ұл бала тәрбиесінің ғылыми негізделген моделі жасалуы – педагогика ғылымындағы нақты теориялық жаңалық болып табылады, әсіресе ол этнопедагогикалық мазмұнда жүйеленіп, талданған. Халықтық тәрбие тәжірибесінің қазіргі білім беру жүйесімен байланыста қарастырылуы, оны болашақ педагогтарды даярлау үдерісіне енгізу жолдарының көрсетілуі – қолданбалы жаңалықтың маңызды көрсеткіші. Студенттердің ұлттық тәрбие негізінде даярлығын бағалау критерийлері мен
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

			көрсеткіштерінің айқындалуы – әдістемелік тұрғыдан жаңа ғылыми нәтиже. «Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» курсының мазмұны мен әдістемесінің ұсынылуы – жоғары білім беру жүйесіне арналған нақты инновациялық өнім. Ұл бала тәрбиесін ұлттық құндылықтар жүйесінде тұтас педагогикалық процесс ретінде қарастыру; халық педагогикасы негізінде тәрбиенің мазмұны, әдістері мен формаларын жүйелеу; болашақ педагогтарды этнопедагогикалық даярлаудың тиімді моделін ұсыну; ұлттық тәрбие тәжірибесін қазіргі білім беру жүйесіне кіріктіру механизмдерін негіздеу диссертацияның өзектілігін көрсетеді. Диссертацияның ғылыми нәтижелері: теориялық жаңалыққа (модель, тұжырымдамалық негіздер), әдістемелік жаңалыққа (курс, диагностика, әдістеме), практикалық жаңалыққа (білім беру үдерісіне енгізу мүмкіндігі)
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы оның теориялық, әдіснамалық, әдістемелік және тәжірибелік деңгейлерде алынған нәтижелерінің кешенді сипатымен анықталады. Біріншіден, теориялық деңгейде «қазақ халық педагогикасындағы ұл бала, ер жігіт тәрбиесі» ұғымы мазмұндық-құрылымдық тұрғыда нақтыланып, «халық педагогикасы», «ұл бала», «ер жігіт» категорияларының өзара байланысы жүйеленген. Сонымен қатар, аталған мәселе гендерлік, психологиялық және этнопедагогикалық аспектілердің өзара ықпалдастығы негізінде кешенді түрде қарастырылған. Бұл зерттеудің ұғымдық-теориялық аппаратын нақтылауға мүмкіндік беріп отыр. Екіншіден, әдіснамалық деңгейде мәдени-тарихи, тұлғалық-бағдарлы, іс-әрекеттік және аксиологиялық тұғырлар негізінде ұл бала тәрбиесінің функционалдық-құрылымдық моделі әзірленген. Ұсынылған модель зерттеу нысанын жүйелі сипатта бейнелеп, оның негізгі компоненттері мен өзара байланысын ғылыми тұрғыда негіздеуге жағдай жасайды. Үшіншіден, әдістемелік деңгейде «Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» элективті курсының мазмұны әзірленіп, оны жоғары оқу

			орындарының білім беру үдерісінде жүзеге асырудың тиімді жолдары ұсынылды. Сонымен қатар, студенттердің ұлттық тәрбие негізіндегі даярлығын бағалаудың өлшемдері, көрсеткіштері мен диагностикалық құралдары айқындалып, тәрбие үдерісін ұйымдастырудың кешенді әдістемесі жасалған. Төртіншіден, тәжірибелік деңгейде ұсынылған теориялық-әдіснамалық модельдің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы дәлелденді. Эксперимент нәтижелері студенттердің тұлғалық даму көрсеткіштерінде, соның ішінде гендерлік сәйкестілік пен әлеуметтік-психологиялық қасиеттерінде оң динамиканың бар екенін көрсетті. Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері жаңа теориялық тұжырым қалыптастырудан гөрі, қолданыстағы ғылыми білімді жүйелеу, толықтыру және оны қазіргі білім беру жағдайында этнопедагогикалық және гендерлік контексте дамытуға бағытталған.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Техникалық, технологиялық шешімдер диссертация тақырыбының қазіргі әлеуметтік өзгерістер аясындағы өзектілігімен және әлеуметтік қоғамдағы маңыздылығымен анықталады. Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасын зерттеу барысындағы тұжырымдары тәжірибелік жұмыс нәтижелерімен және осы нәтижелер бойынша шығарған ғылыми жарияланымдарымен расталған.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертант жасаған барлық қорытынды ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Диссертациялық жұмыста қарастырылған барлық мәселе автор тарапынан шынайы түрде тұжырымдалып, зерттеу нысанына алынған тақырыпқа қатысты салыстырмалы талдаулар негізінде дәйектеліп отырған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	1. Қазақ халық педагогикасы жүйесіндегі болашақ ұл бала-ер жігітті тәрбиелеудің теориялық тұжырымдамасы негізделген. Тарихи қалыптасқан этнопедагогикалық идеялар мен ұл бала-ер жігіттің әлеуметтену дәстүрлерін ғылыми реконструкциялау және
		7.1 Ереже дәлелденді ме?	
		1) дәлелденді;	

		2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	жүйелі талдау негізінде қазақ халқының тәрбиелеудегі дәстүрлі жүйесі ер азаматты бірегейлікті мәдени детерминистік қалыптастырудың тұтас моделі болып табылатыны дәлелденді. Этнопедагогикалық әлеуетті институционализациялау «Жергілікті қоғамдастықтарға негізделген білім беру», «Мәдени ерекшеліктерге негізделген даму» және «Әлеуметтік капитал теориялары» заманауи тұжырымдамаларына сәйкес келеді, олардың шеңберінде «Тәрбие әлеуметтік институттар мен мәдени тәжірибелер» кооперациясының нәтижесі ретінде қарастырылады. 7.1: дәлелденді; 7.2: тривиалды емес; 7.3: жаңа; 7.4: қолдану деңгейі кең; 7.5: мақалаларда дәлелденген 2. Қазақ халқының тәрбиелеудегі дәстүрлі жүйесінің аксиологиялық өзегі (Ар-намыс, жауапкершілік, қоғамға қызмет ету, рухани және физикалық жетілу, ұрпақтар сабақтастығы) ұлдарды тәрбиелеуді позитивті, әлеуметтік жауапты және мәдени тұрғыда ұл бала-ер жігітті қалыптастыру үдерісі ретінде қарастыратын қазіргі теориялық шеңбермен тұжырымдамалық тұрғыдан байланысты екендігі анықталды. Бұл құндылықтар жеке тұлғаның мәдени кодтар жүйесіне интеграциялануын қамтамасыз ететін ұл баланы қалыптастырудың тұрақты нормативтік-семантикалық матрицасын құрайтыны дәлелденді. Бұл тұрғыда тәрбие әлеуметтік нормаларды беру үдерісі ретінде ғана емес, сонымен бірге субъективтілікті, моральдық автономияны және тұлғаның азаматтық жетілуін қалыптастыратын этномәдениеттің аксиологиялық негіздерін интериоризациялау механизмі ретінде де әрекет етеді. 7.1: дәлелденді; 7.2: тривиалды емес; 7.3: жаңа; 7.4: қолдану деңгейі кең;

			7.5: мақалаларда дәлелденген 3. Психологиялық-педагогикалық қолдаудың, тәлімгерліктің және мінез-құлықты мотивациялық реттеудің басым болуынан тұратын ұлды қазақ халық педагогикасында тәрбиелеудің басым тетіктері анықталды және теориялық негізделді. Тәрбие үдерісінің тиімділігі субъектінің өзара әрекеттесуін жүзеге асырумен, ішкі мотивацияны, өзін-өзі реттеуді және әлеуметтік жауапкершілікті дамытумен қамтамасыз етіледі. Бұл тұлғаға бағытталған, белсенді және гуманистік көзқарастардың ережелерімен байланысты. Дәстүрлі тәлімгерлік институты ұлттық құндылықтарды интериоризациялауды қамтамасыз ететін нормалар мен мінез-құлық үлгілерін аударудың мәдени механизмі ретінде түсіндіріледі. Өзін-өзі дамытуға және қоғамдық қызметке қабілетті мәдени-шынайы, әлеуметтік жауапты субъект ретінде баланың ғылыми негізделген бейнесін қалыптастыруға мүмкіндік беретін отандық зерттеушілердің тұжырымдамалық ұстанымдары айқындалды және жүйеленді. Осылайша, қазақ халық педагогикасы тарихи-мәдени құбылыс ретінде ғана емес, сонымен қатар дәстүрлі қоғамдардағы ұл бала-ер жігітті тәрбиелеу идеясын кеңейтетін «жасөспірім ұлдардың мәдени шартты әлеуметтенуі» теориялық тұрғыдан маңызды моделі ретінде түсіндірілді. 7.1: дәлелденді; 7.2: тривиалды емес; 7.3: жаңа; 7.4: қолдану деңгейі кең; 7.5: мақалаларда дәлелденген 4. Қазақ халық педагогикасы жүйесіндегі болашақ ұл бала-ер жігітті тәрбиелеудің мотивациялық, мазмұнды, іс-әрекеттік-практикалық және рефлексивті компоненттерін қамтитын құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді және ғылыми негізделді. Баланың әлеуметтік және мәдени сәйкестігін қамтамасыз ететін жеке қасиеттердің критерийлері, көрсеткіштері мен деңгейлері (жоғары, орташа, төмен) анықталды. Модель жүйелік, тұлғаға

			бағытталған, іс-әрекетке және аксиологиялық тәсілдерге негізделген және құндылық көзқарастарының, тәрбие мазмұны мен практикалық іс-әрекеттің өзара байланысын көрсетеді. Ұл балаларды болашақ ер адам ретінде тәрбиелеудің дәстүрлі қазақ моделі мәдени жадыны, мінез-құлқының нормативтік үлгілерін және ұжымдық бірегейлікті таратудың институционалдық және мәдени тұрғыдан бекітілген тетігі ретінде жұмыс істейтіні негізделген. Ол ұрпақтар арасындағы сабақтастық, символдық тәжірибелер және әлеуметтік маңызды қызметке қосылу арқылы құндылық құрылымдарының артуын қамтамасыз етеді. 7.1: дәлелденді; 7.2: тривиалды емес; 7.3: жаңа; 7.4: қолдану деңгейі кең; 7.5: мақалаларда дәлелденген 5. Баланы әлеуметтік серіктестік арқылы тәрбиелеудің этнопедагогикалық әлеуетін институционализациялау тетігі негізделген және сыналған. Білім беру ұйымдарының ұлттық құндылықтарды сақтауға бағытталған қоғамдық бірлестіктермен, әскери-патриоттық клубтармен, спорттық және мәдени орталықтармен интеграциялануы тәрбие үдерісінің нәтижелілігін арттыратыны дәлелденді. Әлеуметтік әріптестік дәстүрлер сабақтастығын және тәрбиенің практикалық-бағдарланған бағытын қамтамасыз ететін әлеуметтену кеңістігін кеңейтудің жүйе құраушы факторы болып табылады. Қоғамдық-саяси дискурс пен бұқаралық ақпарат құралдары ұл бала-ер жігіт тұлғасын қалыптастырудағы идеялардың күрделілігін, әртүрлілігін және мәдени күшін көрсетіп, пікірталасты осылай насихаттауы керек. 7.1: дәлелденді; 7.2: тривиалды емес; 7.3: жаңа; 7.4: қолдану деңгейі кең; 7.5: мақалаларда дәлелденген

			6. Білім беруді цифрландыру жағдайында қазақ халық педагогикасының тәрбиелік әлеуетін іске асырудың әдістемелік жүйесі әзірленді. Этнопедагогикалық мазмұнды трансляциялау үшін заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың орындылығы негізделген (цифрлық білім беру ресурстарын, медиа контентті, консультациялық онлайн-платформаларды құру, аралас форматтағы іс-шараларды іске асыру). Дәстүрлі құндылықтар мен цифрлық құралдардың интеграциясы білім беру кеңістігін кеңейтіп, этномәдени бірегейліктің тұрақты қалыптасуына ықпал ететіні дәлелденді. 7.1: дәлелденді; 7.2: тривиалды емес; 7.3: жаңа; 7.4: қолдану деңгейі кең; 7.5: мақалаларда дәлелденген 7. «Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» элективті курсы аясында жүзеге асырылған қазақ халық педагогикасы арқылы болашақ ұл баланы тәрбиелеудің әзірленген әдістемесінің тиімділігі дәлелденді. Курс 5В010400 – «Бастапқы әскери дайындық» және 5В010800 – «Дене шынықтыру және спорт» мамандықтарына жүргізілді. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері құндылық бағдарлары, әлеуметтік жауапкершілік, этномәдени бірегейлік және әлеуметтік маңызды қызметке ынталандыру көрсеткіштерінің статистикалық маңызды оң динамикасын растады. Қазіргі этнопедагогикалық және гендерлік зерттеулер контекстінде және оны жоғары педагогикалық білім беруде іске асырудың тәжірибеге бағдарланған моделін әзірлеуде қазақ халқының дәстүрлі тәрбие тәжірибесінің жүйелі түсіндірмесі ұсынылған. 7.1: дәлелденді; 7.2: тривиалды емес; 7.3: жаңа; 7.4: қолдану деңгейі кең;

			7.5: мақалаларда дәлелденген
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Диссертацияда дәйектілік қағидаты сақталған. Тақырыпқа қатысты дереккөздер мен ғылыми әдебиеттер зерттеу жұмысының ғылыми-әдіснамалық негізі ретінде басшылыққа алынған. Диссертациялық жұмыстың кіріспесінде берілген зерттеу әдістері жұмыстың мақсаты мен тақырыптық ерекшелігіне негізделген және зерттеу барысында тиімді қолданылған.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Әлеуметтік сауалнама жүргізіліп, оның қорытындысы арнайы мақала ретінде жарық көрді. Студенттердің қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесі дәстүрлері негізіндегі тәрбие жұмысының педагогикалық даярлығының диагностикасы жасалып, «Қазақ халқының дәстүрлі ұл тәрбиесі» элективті курсының мазмұны мен әдістемесін құрып, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижелері мақала ретінде жарық көрді.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Зерттеу жұмысында теориялық қорытындылар, тұжырымдар мен ұсыныстар нақты материалдарға, ғалымдардың еңбектеріне, ғылыми пікірлерге сүйене отырып дәлелденген. Диссертациялық жұмыстағы теориялық қорытындылар, түрлі үлгілер мен мәселелер арасындағы байланыс зерттеу барысында курстың құрылымдық сипатын құрайтын 15 тақырып қазақ ұлттық педагогикасының құнары мен ұл бала-ер жігіт тәрбиесін дамытуға арналған тың тақырыптар кіріктірілді және эксперименттік зерттеуімен дәлелденген. Ізденуші зерттеу жұмысының нәтижелерін халықаралық ғылыми практикалық конференцияларда жариялаған.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге	Диссертациялық жұмыста жасалған маңызды мәлімдемелер нақты әрі сенімді және дәйекті ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.

		сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті. Диссертациялық жұмыста 135 әдебиет қолданылған және барлық әдебиетке ұсынылған сілтемелер талапқа сай рәсімделген.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертацияның теориялық маңызы айқын. Зерттеу нәтижелері қазақ халық педагогикасындағы ұл бала мен ер жігіт тәрбиесіне қатысты ұғымдардың мазмұндық-құрылымдық аспектілерін жүйелеуге, ұғымдардың өзара байланысын нақтылауға, сондай-ақ гендерлік, психологиялық және этнопедагогикалық факторларды теориялық тұрғыдан талдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зерттеу материалдарын қазақ тіліндегі педагогикалық дискурста дәйектеу және білім беру теориясында қолдану үшін негіз болып табылады, әлеуметтік педагогика мен этнопедагогикадағы өзекті мәселелерді теориялық деңгейде тұжырымдауға септігін тигізеді.
		1) бар;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Диссертацияның практикалық маңызы бар. Зерттеу нәтижелері қазақ халық педагогикасындағы ұл бала мен ер жігіт тәрбиесіне қатысты дәстүрлі және заманауи тәжірибелерді жүйелеуге мүмкіндік береді. Алынған материалдар оқытушыларға, тәрбиешілерге және жоғарғы оқу орындарының психология және педагогика мамандықтары бойынша оқытылатын пәндерде көмекші құрал ретінде қолданылады.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Диссертацияның практикалық ұсыныстары толығымен жаңа. Диссертация нәтижелері 9.9.2-де аталған мамандықтар бойынша оқылатын пәндердің теориялық және практикалық базасын нығайтады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация академиялық жазу ережелеріне сай және объективті түрде жазылған. Ғылыми стильді ұстанған, жүйелі құрылымды сақтаған, сілтемелерді дұрыс қолданған.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	

			Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Зерттеу жұмысы дербес орындалған, толыққанды ғылыми еңбек.
11.	Диссертацияға ескертулер		Ізденушінің диссертациялық жұмысы өзекті тақырыпты қамтып, ғылыми негізде жүйелі орындалған. Дегенмен, нәтижелерді аймақтық тұрғыда интерпретациялау барысында егжей-тегжейлі талдаулар мен нақтылауларды қажет ететін тұстар байқалады. Сонымен қатар, зерттеу жұмысының теориялық бөлімінде қазақ халық педагогикасындағы ұл бала – ер жігіт тәрбиесі жан-жақты қарастырылғанымен, оны қазіргі педагогикалық және әлеуметтік трансформациялармен (жаһандану, урбанизация, гендерлік өзгерістер) байланыстыра талдау жеткілікті деңгейде тереңдетілмеген. Байланыстырса, талданса тіптен құндылығы арта түсер еді. Айтылған ескертпе жұмыстың академиялық сапасын төмендетпейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Диссертациялық зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық нәтижелері ғылыми басылымдарда жарияланды. Диссертациялық зерттеу аясында 30 ғылыми мақала жарық көрді. Соның ішінде 1 мақала Scopus деректер қорына енетін басылымда, 5 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған басылымдарда, 24 мақала шетелдік және халықаралық конференция материалдары жинақтарында жарияланды. Сондай-ақ, ізденушінің мақалалары мен ғылыми еңбектерінің деңгейі айтарлықтай жоғары.
13.	Ресми рецензенттің шешімі		философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;

«Қазақ халық педагогикасындағы ұл бала-ер жігіт тәрбиесінің теориясы мен практикасы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы үшін Кулабекова Гульшат Камарбековна «6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:

Қазақ ұлттық қыздар
педагогикалық университетінің
пед.ғ.к., профессор м.а. **М.К. Булакбаева**

Қолы
Подпись
Растаймын: «Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті» КеАҚ HR қызметі
Заверено: НАО «Казахский национальный женский педагогический университет» HR служба